

**Алпыс Д.М., Махамбетва А.М.,** академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ, заң факультетінің Ю-31 тобының студенттері  
(*Ғылыми жетекші - аға оқытушысы, заң ғылымының магистрі Серикбаева С.С.*)

## **ЭКСТРЕМИЗМ МЕН ТЕРРОРИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ**

XXI ғасырдың ең өзекті мәселенің бірі – діни экстремизм мен терроризм қаупі екендігі дүние жүзіне мәлім.

Мемлекетіміздің ұлттық қауіпсіздігін, адам ұрлау, кепілге адам алу жағдайлары сонымен қатар ұшақтарды айдап алу, бомба жарылыстары, зорлық-зомбылық, этно-конфессионалдық қақтығыстар жалпы алғанда лаңкестік жағдайы үлкен тікелей қауіп-қатерлер төндіруде. Террорлық актілерге итермелейтін дәстүрлі діннен жат ағымдар әсер етуде.

Бұл ретте Елбасы Н.Ә.Назарбаев былай деп атап көрсеткен: «Қазақстанда терроризм, сепаратизм және экстремизм проблемалары бар. Әсіресе халықаралық терроризмнің кең қанат жайғанын және халықаралық қауымдастық пен аймақтардың саяси-әлеуметтік және экономикалық мәселелермен ұштасып, саясиленғанын ескерсек, олардың тарапынан туындаған қауіп ойдан шығарылған емес, нақты және шынайы өмірлік қауіп». Сондықтан бұл проблема дүние жүзілік аса өзекті мәселесі болғандықтан біз қарастыруды жөн санадық [1].

Мемлекет тарапынан экстремизм мен терроризмге қарсы күрестің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексі, "экстремистік қызметке қарсы іс-қимыл туралы", "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы", "төтенше жағдай туралы", "Саяси партиялар туралы", "қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының заңы, "Қазақстан Республикасындағы терроризмге қарсы іс-қимыл" сонымен қатар лаңкестік ұйымдарға қарсы өзара іс қимыл жасай отырып ҚР-ң субъектілері «діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға, білім беру мекемелерінде оқушылар мен студенттердің құқыққа қарсы мінез-құлқын, ұлтаралық негіздегі қақтығыстарды, құқықтық сана – сезім мен құқықтық мәдениетті жетілдіруге, жастардың бойында толерантылықты қалыптастыруға бағытталған» алдын – алу шараларын ұйымдастыруда.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 5-бабының мақсаты немесе іс-әрекеттері Республиканың Конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге, оның тұтастығын бұзуға, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруға бағытталған қоғамдық бірлестіктер құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынады деп айқындалған. Сондай-ақ Конституцияның 10-бабының 2-бөлігі Республиканың азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға, сондай-ақ оны Қазақстаннан тыс жерлерге аластауға болмайды. Азаматтықтан айыруға террористік қылмыстар жасағаны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана жол беріледі деп бекітілген [2].

Алғаш, 1999 жылғы шілдеде Қазақстанда Республикада терроризмге қарсы күрестің құқықтық және ұйымдық негіздерін, меншік нысанына қарамастан мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметінің тәртібін, сондай-ақ терроризмге қарсы күресті жүзеге асыруға байланысты азаматтардың құқықтарын, міндеттері мен кепілдіктерін анықтаған "терроризмге қарсы күрес туралы" Заң қабылданды [3].

«Экстремизм» тұжырымдамасын алдын-ала қарастырмай, «терроризм» ұғымының мәнін ашу мүмкін емес, себебі терроризм экстремизммен тығыз байланысты, яғни, экстремизм терроризмнің бір бөлігі болып табылады. С. И. Ожегов және Н. Ю. Шведов ғалымдардың пайымдауынша заңға қайшы әрекеттің келесі анықтамасын берді: "Экстремизм (фр. *extremisme*, лат. *extremus* — шеткі) — бейілділігін шетету (әдетте, саясатта)" деп түсінікті қалыптастырған.

Мемлекетімізде, Қылмыстық кодексінде экстремизм ұғымы жоқ. Заң шығарушы тек экстремистік қылмыс деп танылатын кодекстің баптарын тізумен шектелді. Мәселен, ҚР ҚК-нің 3-бабының 39-тармағына сәйкес "Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 174, 179, 180, 181, 182, 184, 258, 259, 260, 267, 404 ((екінші және үшінші бөліктерінде) және 405-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды;" [4].

Экстремизмнің негізі қандай да бір идеялық мазмұнға (мағынаға) толы агрессивтілік болып табылады. Біздің пікірімізше, экстремизм - бұл жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс - әрекет жасаушы дегенді білдіреді. Экстремизмнің пайда болу себебі, адамның надандыққа, көрсеқызарлыққа бейімделген шектен тыс көзқарастарға бейімделу.

Осындай шаралардың ішінде қалыптасқан тұжырымдама бұл террористік іс әрекет – әртүрлі мемлекеттердің ұлттық шекараларының шегінен шығып, бүкіл әлемдік қоғамдастықтың қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірген күрделі, көпқырлы және аса жағымсыз саяси-әлеуметтік құбылыс. Әлемдік мәселемен күресудің тиімді әдістері мен нысандарын зерттеуге арналған мемлекеттер басшыларының қатысуымен көптеген халықаралық конференциялар өткізілді. Терроризмге қарсы тұру үшін бізге терроризмнің мәнін нақты анықтауымыз қажет. Ал "діни" префиксі қандай да бір дінді ұстануды білдіреді. Лаңкесшілер дұрыс бағытқа жол көрсететін адамдардың кеңесіне мүлдем құлақ аспайды. Олар өздерін ең таза кіршіксіз деп санап, басқаның барлығын адасушыларға жатқызып, жөн білетін адамдарды мойындамайды.

Қазіргі таңда, терроризмнің жиі кездесетін түрлері: бұл саяси, ұлтшылдық және діни терроризм. Ұйымдастырушылар көбінесе лаңкестікті азаматтық немесе өзге де құқықтарды қорғаудың бірден-бір ықтимал, ең пәрменді тәсілі ретінде ұсынады. Мақсаты билікке немесе нақты саяси көшбасшыларға олардың жүргізіп отырған саясатын өзгерту мақсатында тікелей қысым жасау болып табылады. Лаңкестер қатарына біздің қоғамымыздың жас азаматтары жиі кіреді. Өзінің жастығына, тәрбиесіне, айналасына, қалыптасқан дүниетанымына байланысты жастар экстремистердің қолында "соқыр құрал" болып, айналасына зорлық-зомбылық табынуы дамиды, адам өмірі құнсызданады, қатыгездік, халықтар мен әлеуметтік топтар арасындағы өзара жеккөрушілік қалыптасуда. Өмірде болған барлық нәрселерді жоққа шығара отырып, жас азаматтардың түйсігіне әділ көзқарастарды белсенді сіңіре отырып, террористік және экстремистік бағыттың қолындағы марионетқалар болатынын өздері байқамай қақпанға түсуде.

Терроризм тиісті жарактандырылған және қаруланған қуатты құрылым болып табылады. Мысалы, қазіргі заманғы терроризм демеушілер мен донорлардың көмегімен Сирияның, Ирактағы диверсиялық-террористік соғыстарды жүргізіп, ірі қарулы қақтығыстарға қатыса алады және де әлемдік ауқымда өте пайдалы бизнес болып қалыптасуда (қару жеткізу, есірткі саудасы және т.б.). Осы іс-әрекеттегі қимылдарына қатысатын Қазақстанның кәмететке толмаған және жас азаматтары туралы айта кететін болсақ, олардың қоғамдық қауіптілігі әскери тәжірибе алып, біздің елімізге қайтып орала алады және террористік топтардың далалық командирлері және экстремистік ұйымдардың көшбасшылары бола алады. Заң шығарушының осы санаттағы адамдарды азаматтықтан айыру туралы мәселені қарауға дәл осы жағдай түрткі болды деп есептейміз.

Қазақстанда діни экстремизм мен терроризм өткір проблемалардың бірі болып табылуда. Жастар арасында діни экстремизм мен терроризмнің дамуы балалар, жасөспірімдер және жастар қылмысының деңгейі айтарлықтай өстуде, себебі бұл жас ұрпақтың топтық санасындағы өзгерістің дамуымен байланысты, бұл өзгерістерге мінез құлықтың – кең мағынада әлеуметтік және саяси мәдениеттің қазақ қоғамының өзгеруіне байланысты.

Экстремистік ұйымдардың сапалық және сандық құрамы соңғы оң жылдықта қатты өзгеріске ұшырады. Діни экстремизм мен терроризм ұйымдарға білім деңгейі төмен немесе жалпы білімсіз жастар сол ұйымға кіруі туралы пікірлер қалыптасса, біздің пікірімізше қазіргі таңда ұйымдардың қатарында жоғары білімі бар жастар және де спорт шеберлері, лауазымды тұлғалар тартылуда. Бұл жерде жас ұрпақ тұлғасын қалыптастырудағы отбасының ерекше рөлін атап өткен жөн. Сонымен қатар, қандай да бір елде немесе өңірде исламдық діни экстремизмнің нақты түрінің көрінісі мен дамуы көптеген факторларға байланысты екенін атап өткен жөн, олардың ішінде исламдық емес, әлеуметтік-экономикалық қатерлер, саяси, мәдени сипаттағы себептер, жұмыссыздық, ертеңгі күнге сенімсіздік, маскүнемдік және нашақорлық толық емес, қолайсыз отбасылар санының өсуіне, панасыз балалар санының өсуіне ықпал етеді. Қазақстандағы экстремизмнің ұйымдасқан қылмыспен (соның ішінде Трансұлттық) және сыбайласқан элиталармен жасанды түрде таңылып, қолдау көрсететінін атап өткен жөн. Азаматтар, әлеуметтік топтар, қоғамдық және саяси қозғалыстар арасындағы төзбеушілік, дұшпандық пен агрессияны тұрақты қоздыру арқылы әртүрлі мәдениетке, діни нанымдарға және менталитеттерге сүйенген олар қаржылық пайда алуға және олардың жеке билігінің қауіпсіздігін және олардың тұтқындарының әл-ауқатын қамтамасыз етуге ұмтылады.

Отбасының бұзылуы ата-ана жылуы мен ілтипатпен бөлінген, қоғамның немқұрайлылығы мен қылмыс қатарын, соның ішінде экстремистердің қатарын толықтыруды итермелейді.

Діни экстремизмнің іске асыру тәсілдері бойынша әр түрлі нысандары бар, бірақ нақты әлеуметтік субъектінің агрессивті мінез-құлқы ретінде көрініс табады деп, оның сипаты өзгелерге (дінге сенушілерге), яғни оның діни нанымдарын бөлмейтіндерге аса сыни көзқараспен ұштастыра отырып өзіне-өзі сын тұрғысынан қарау болып табылады.

Діни экстремизмнің көрінісінің сыртқы түрі тек басқаларға ғана емес, өзін-өзі сенімге сенетін адамдарға да қатысты нақты діни наным-сенімдерді таратушының заңсыз, зорлық-зомбылық, қирату, агрессивті әрекеттері, яғни өзін-өзі өлтіруге дейінгі өзін-өзі зақымдаудың әртүрлі тәсілдері болып табылады. Бірақ экстремисттің оппоненттерді қудалауға және физикалық жоюға дайындығының артынан бұл діни субъектінің дұшпандық сыртқы әлем мен сенімсіздік алдындағы қорқынышы жиі жасырылады.

Сонымен қатар, діни экстремизм идеяларының, соның ішінде Ислам идеяларының енуі үшін неғұрлым осал орта сырттан әсер ететін психикасы әлі қалыптаспаған және оңай әсер ететін мектеп оқушылары болып табылады. Оқу орындарының қабырғасында криминалдық субмәдениеттің таралу фактілері мысал бола алады. Қылмыс өкілдері күш қолдану немесе оны қолдану мүмкіндігін қорқыту арқылы мектеп оқушыларын бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдарға көмек көрсету үшін "общакқа" жарналар салуға мәжбүр ету іс әрекет байқалады. Сонымен қатар, оқу орындарында өзге ұлт пен діни нанымдарға қатысты агрессивті, зорлық-зомбылық діни нанымдар таратылады.

Экстремизм, соның ішінде діни, жасөспірімдер мен жастар арасында фанатикалықпен, барлық бұйрықтардың мүлтіксіз орындалуымен ерекшеленеді, олардың заңдылығы күмәнданбайды, сонымен қатар талқыланбайды, сондай-ақ кәсіби біліктілігінің төмендігімен және экстремистік қызметтің ұзақ тәжірибесінің жоқтығымен көрініс табуда. Соңғы уақытта интернет лаңкестердің жастарға жаппай ақпарат таратуының ең тиімді құралы болып табылады. Қылмыскерлердің интернеттің танымалдығының себептері-аудиторияға оңай қол жеткізу, анонимдік коммуникацияны қамтамасыз ету, бұл мәселені мемлекеттік деңгейде нашар реттеу, әлемдік тарату, ақпаратты берудің жоғары жылдамдығы, арзан және пайдаланудың қарапайымдылығы, мультимедиялық мүмкіндіктер баршылық.

Экстремистік ресурстар психологиялық соғыс құралдарын, оның ішінде дезинформацияны, қорқытуды, қоғамдық сананы айла-шарғы жасауды, ұғымдар мен фактілерді алмастыруды кеңінен пайдаланады. Террорлық ұйымдардың интернет-ресурстарында теракт салдарынан шабуыл жасау нысандарына-мемлекеттерге келтірілген психологиялық залал көрсетілуде [5].

Қазіргі жастар экстремизмінің басты белгілері: тез дамып келе жатқан ұйымшылдық, идеялар мен мақсаттардың тығыз өзара байланысы, топтастығы, оларда идеологиялық жарғыларды қалыптастыру, жаңа ақпараттық технологияларды, әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға қол жеткізу әдістерінің әртүрлілігі, конспирация шараларын күшейту болып табылады.

Қазақстанда террористік қауіп-қатерлерден қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларының жүйесі әзірленіп, біртіндеп жетілдірілуде, бұл террористік ұйымдардың іс-әрекетін анықтау мен жолын кесуде белгілі бір тәжірибені жинақтауға мүмкіндік берді. Соңғы жылдары елімізде терроризм мен экстремизмнің алғышарттарын анықтау және жолын кесу үшін заңнамалық және ұйымдастырушылық базаны құру және жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018 – 2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама жүзеге асырылуда [6]. Осылайша жоғарыда айтылғандарға келесідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

Дүние жүзілік өзекті мәселені талқылай келе осы келеңсіз мәселеге қарсы іс-қимыл жасау үшін мемлекеттік билік, жергілікті өзін-өзі басқару органдары азаматтық қоғам мүмкіндіктерін тарта отырып, мынадай бағыттар бойынша жұмыстар жүзеге асырған жөн деп санаймыз:

- терроризмге және экстремизмге қарсы іс-қимылды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету (барлық мүмкін болатын жадынамалар, брошюралар, кітаптар, өтініштер, плакаттар, әлеуметтік жарнама шығару, баспасөзде құқық қорғау органдарының, жедел штабтар мен терроризмге қарсы комиссиялардың қызметі туралы объективті Жарияланымдар, тақырыптық деректі фильмдер мен бейнероликтер және т. б. жасау);

- идеологиялық (діни және ұлтаралық төзімділікті, патриотизмді, салауатты өмір

салтын, жалпы адамзаттық құндылықтар мен т. б. басымдықтарды қалыптастыру);

- ұйымдастырушылық (терроризмге қарсы бағыттағы қоғамдық және діни бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу; БАҚ-пен өзара іс-қимыл жасау, конференциялар, слайдтар, "дөңгелек үстелдер", терроризмге қарсы сипаттағы үздік материалдарға конкурстар және т. б. өткізу.);
- білім беру бағыты (терроризмге қарсы ақпараттық іс-қимыл саласында мамандарды даярлау жүйесін құру, оның ішінде азаматтық тұлғалар қатарынан).
- Жастар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ қылмыстық сот ісін жүргізу саласында қалған аталған санаттағы адамдарды әлеуметтік оңалту жөніндегі шаралар кешенін іске асыру жөніндегі іс-шараларды көздейтін кәметке толмағандар мен жастар арасында тәрбие жұмысын жүргізу жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылдау қажет;

- Экстремистік және террористік іс-әрекеттің алдын алу діни және өзге де қоғамдық бірлестіктердің, басқа да ұйымдардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың экстремистік және террористік іс-әрекеттерін анықтау, олардың алдын алу және жолын кесу бойынша жүзеге асырылуға тиіс;

Қазақстанда қалыпты діни ахуалды қалыптастыру үшін экстремизм мен терроризмге қарсы күрес кешенді түрде қолға алынуы тиіс. Әлбетте, оның діни, әлеуметтік, психологиялық, экономикалық аспектілерімен қатар құқықтық негіздемесін жетілдіру бүгінгі күннің кезек күттірмейтін талабына айналып отыр. Елбасы Н. Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясын іске асырып, қуатты мемлекетке айналу мақсатында ел қауіпсіздігіне қатер төндіретін әрбір шетін мәселенің дер шағында алдын алғанымыз абзал. Себебі, «Терроризм шекараны таңдамайды, елді бай және кедей деп бөлмейді».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // [http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan](http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidentin-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2012-zhylgy-14-zheltoksan).
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>.
3. Қазақстан Республикасының Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Заңы // 1999 жылғы 13 шілдедегі N 416-І // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416>.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі // 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>.
5. Сатпаев Д.А // Терроризм как явление политической жизни. Саясат // 1999. № 3. С. 10.
6. Ильинский И.М // О терроре и терроризме // Между будущим и прошлым. - М., - С. 239, 242.

**Аманбекова Ә.Е.**, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, юридический факультет, гр. МП-21, студент  
(*Научный руководитель — старший преподаватель Старожилова Н.П.*)

## **ПРАВО НА ИНФОРМАЦИЮ В КОНТЕКСТЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ**

В современном обществе одним из важных гражданских прав человека является право на информацию. Оно нашло закрепление в статье 19 Всеобщей декларации прав человека, а так же в статье 19 Международного Пакта о гражданских и политических правах человека.[1] В Конституции Республики Казахстан право на информацию закреплено и выражено в двух статьях: в статье 20 и в пункте 3 статьи 18. Анализ указанных статей в названных документах позволяет выделить в содержании данного права следующие элементы: 1) свободно искать, получать и распространять информацию; 2) использовать любые формы и способы выражения по своему выбору; 3) это право не зависит от государственных границ; 3) если какая-либо информация затрагивает права и интересы гражданина, то государственные органы, должностные лица и СМИ обязаны предоставить ему возможность ознакомиться с документами, решениями и указать источники такой информации (при условии, что речь идет о законных правах и интересах человека); 4) допускается возможность законного ограничения этого права в целях недопущения нарушения прав, интересов и репутации других лиц, обеспечения государственной безопасности, охраны общественного порядка, здоровья и нравственности народа. Например, в решении Европейского суда по правам человека по этому